

«Ақмола облысының мемлекеттік қорпорациясы» «қоғамдық шара» акционерлік қоғамының Ақмола облысы Басқармашылығының Егіндікөл аудандық Тіркеу және жар қалдыры Бөлімі

ЗАҢДЫ ТҮЛГАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ 20 20 ж. 04 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 151040019489

№ 15-1902-08-400-44

Басталған күні 2020 ж. 06 04



Ақмола облысы әкімдігінің  
2019 жылғы 10 желтоқсандағы  
№ А-12/612 қаулысымен  
бекітілді

**Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы  
«Егіндікөл ауылы, агротехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық  
қазыналық кәсіпорнының  
ЖАРҒЫСЫ**

**1. Жалпы ережелер**

1. Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Егіндікөл ауылы, агротехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлға болып табылады.

2. Ақмола облысының әкімдігі Кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады.

3. «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган (бұдан әрі – тиісті салалық өкілетті органы) болып табылады.

4. Кәсіпорынның атауы: Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Егіндікөл ауылы, агротехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

5. Кәсіпорынның орналасқан жері: индексі 020600 Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Егіндікөл ауылы, 1 ағарына көшесі, 3-үй.

**2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі**

6. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланктері және мөрі болады.

7. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

8. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Кәсіпорын филиалдар мен өкілдіктер құра алмайды.

9. Кәсіпорынның жасаған азаматтық-құқықтық мәміленері және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік немесе басқа тіркесуге жататын мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәтінен бастап жасалған деп есептеледі.

### 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

10. Кәсіпорын қызметінің мәні білікті кадрларды, опық ішінде қызметкерлерді, орта буын мамандарын даярлауға бағытталған техникалық және кәсіптік, орта біліммен кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру болып табылады.

11. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) ұлттық және адамзатқа ортақ құндылықтар, ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде тұлғаның қалыптасуына, дамуына және кәсіби дамуына бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;

2) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік және салауатты өмір салтының мықты негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы интелектіні байыту;

3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, кез келген анти-конституциялық және антиәлеуметтік көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

4) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін қалыптастыру, тұлғаның өзінің құқықтары мен міндеттеріне деген сапалы қарым-қатынасы;

5) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне араласу, қазақ халқының және республикамыздың басқа да халықтарының тарихы, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік, орыс, шет тілдерін игеру;

6) педагогикалық қызметкерлердің әлеуметтік мәртебесін көтеруді қамтамасыз ету;

7) автономияны кеңейту, білім беру ұйымдарының тәуелсіздігі, білім беруді басқаруды демократияландыру;

8) оқығудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқылу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;



9) тәжірибелік сабақтар мен өндірістік еңбекте теориялық білімді бекіту үшін дуалды оқыуды енгізу, сондай-ақ студенттердің болашақ кәсіби қызметінде қажетті практикалық дағдыларды меңгеруі үшін практика базасын, оқу-өндірістік орталықтарды, шаруашылықтарды, шеберханаларды және оқу полигондарын құру;

10) жалпы білім беру, жұмыс орнында оқыту және еңбек нарығының қажеттіліктерін қамтамасыз ететін және білім мен құзыреттілікке негізделген қоғамдағы өздерінің жеке әлеуетін барынша арттыруға көмектесетін өмір бойы оқыту жүйесін дамыту;

11) білім, ғылым және өндірісті интеграциялау;

12) білім алушылардың кәсіби ынталандырылуын қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік серіктестермен белсенді өзара іс-әрекет жасау арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамуын қамтамасыз ету;

14) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) білім алуына арнайы жағдай жасау.

12. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін, Кәсіпорын келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген мемлекеттік қызметтерді көрсетеді;

2) ішкі тәртіп ережелерін әзірлейді және бекітеді;

3) жұмыс оқу жоспарларын және жұмыс оқу бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді;

4) оқытудың қысқартылған білім беру бағдарламаларын әзіртейді және бекітеді;

5) оқу жылына бекітілген оқу-тәрбие кесте негізінде оқу-тәрбие жұмысын, теориялық және практикалық сабақтар кестесіне сәйкес жүзеге асырады;

6) жаңа білім беру технологияларын апробациялау, жаңа білім беру мазмұнын енгізу үшін эксперименттік режимде (эксперименталдық алаңдарда) эксперименталды интеграцияланған білім беру бағдарламаларын әзіртейді;

7) білім алушылардың оқу үлгерімін ағымды бақылау, аралық және қорытынды аттестациялайды;

8) білім алушыларға қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша білім деңгейіне сәйкес мемлекеттік үлгідегі құжатты бере отырып, жұмыс біліктілігін және (немесе) «орта буын маманы» біліктілігін береді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өздерінің қаржы ресурстары шеңберде мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы қызмекерлерге лауазымдық жалақылар (молшерлемелер), төлем ақы, үстеме ақы және өзге де ынталандыру төлемдерін белгілейді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлауды қамтамасыз етеді;

11) материалды-техникалық жабдықтар мен құрылыстармен қамтамасыз етеді;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ақылы негізде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ұсынады;

13) кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестікті дамыту, білім беру жүйесі қызметінің нәтижесін арттыруға бағытталған және экономика мен жұмыс берушілердің қажеттіліктеріне сәйкес кадрлар даярлау деңгейіне қол жеткізеді;

14) өнеркәсіппен оқыту байланыстарын нығайту, оның ішінде дуальды оқытуды енгізу, қосымша қаржыландыру көздерін тарту, оның ішінде мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде жұмыс берушілердің қаражатын тартыады;

15) кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидаларын, практика базасы ретінде ұйымдарды айқындау қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

16) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік органмен келісім бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен білім алушыларды тағаммен қамтамасыз етеді;

17) білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

18) білім алушылардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етеді;

19) балалардың денсаулық пен дамуына зиян келтіретін ақпараттарға қол жетімділігін шектеуге арналған байланыс операторларының қызметтерін пайдалана отырып, білім алушыларға галамторға кіруге мүмкіндік береді;

20) білім алушылардың жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер мен материалдық көмек түрлерін уақытылы ұсынууды қамтамасыз етеді;

21) білім алушылардың өмір сүру жағдайын белгіленген нормадан төмен емес деңгейде қамтамасыз етеді;

22) қоғамдық өзін-өзі басқару органдары мен қоғамдық бірлестіктердің қызметіне жәрдемдеседі;

23) кадрларды кәсіби дайындаудың заманауи нысандарын, оның ішінде мобильдік оқу орталығы арқылы енгізеді.

13. Кәсіпорында Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен Кәсіпорынның жасайтын келісімдері негізінде мамандық алу бойынша білім беру ақылы қызметтерін іске асыру арқылы мамандарды даярлау іске асырылады.

14. Кәсіпорын бюджет қаржаты есебімен көрсетілетін білім беру қызметтері көлемінің үстінен ақылы негізде білім беру қызметтерін ұсынуға, өндірістік-



шаруашылық қызметімен табыс атуға және өздері өндiрген өнiмдi өзiсiнен сатуға құқығы.

15. Техникалық және кәсiптiк, орта бiлiмнен кейiнгi бiлiм берудiң бiлiм беру бағдарламаларып iске асыратын Кәсiпорынға оқуға қабылдау тәртiбi қабылдаудың Үлгi ережелерiмен белгiленедi.

Мемлекеттiк бiлiм беру тапсырысына сәйкес оқуға қабылдапған колледж студенттерi колледж белгiлеген тәртiпте жатақхана орындарымен қамтамасыз етiледi.

Оқу орны бiлiм алушының тұлғалық құқықтарының сақталуына және оның ақсуметтiк қорғалуына жауап бередi.

16. Бiлiм алушыларды ауыстыру және оқуға қайта қабылдау техникалық және кәсiптiк, орта бiлiмнен кейiнгi бiлiм беру ұйымдары қызметiнiң Үлгi ережесiне сәйкес жүзеге асырылады.

17. Медициналық консультативтiк комиссияның қорытындысы мен әскери қызметке шақыру қағазы негiзiнде, бiлiм алушыларға академиялық демалыс берiледi.

18. Кәсiпорындағы тiл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Кәсiпорын бiлiм алушылардың қазақ тiлiн мемлекеттiк тiл ретiнде бiлiуiн, сондай-ақ мемлекеттiк жанына мiндеттi техникалық және кәсiптiк, орта бiлiмнен кейiнгi бiлiм беру стандарттарына сәйкес орыс тiлi мен ағылшын тiлiн үйренуiн қамтамасыз етедi.

19. Сабақ тәртiбi:

Колледжде оқу жылы оқылудың желiлiк және модульдiк технологиясы негiзiнде екi семестрден тұрады.

Сабақ 1 қыркүйекте басталады және нақтылы мамандық бойынша оқу процесi кестесiне сәйкес аяқталады.

Демалыс ұзақтығы оқу процесi кестесiне және мемлекеттiк бiлiм беру стандартына сәйкес анықталады.

Оқушылардың оқу жүктемесiнiң жоғары көлемi, аудиториядан тыс оқу жұмыстарының барлық түрлерi аптасына 54 сағаттан аспауы тиiс. Оқушылардың мiндеттi жүктемесi күндiзгi оқыту жүйесi кезiнде теориялық оқыту кезеңiнде аптасына 36 сағаттан аспауы қажет; аталған көлемге факультативтiк пәндер және консультация сабақтары кiрмейдi.

Оқушылар кәсiби тәжiрибеден оту кезеңiнде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексiнiң жасы ерекшелiгiне сәйкес кәсiпорын тәртiбi бойынша жұмыс iстейдi. Жасы 18-ге толғандар үшiн оқудың апталық жүктемесi 40 сағатты құрауы мүмкiн.

Аудиториялық сабақтардың барлық түрлерi үшiн екi академиялық сағаттан асылған сабақтан кейiн 10 минут үзiлiс берiледi. Оқушылардың тамақтануын

дифференциалу мақсатымен екі қосарланған сабақтан кейін ұзақ үзіліс берілетіні белгіленеді.

Жұмыс тәртібі: бес күндік жұмыс аптасы.

20. Ағымдағы, аралық және қорытынды аттестаттау түрі, тәртібі мен мекенділігі жұмыс оқу жоспары және бағдарламалары негізінде жасалады және белгіленеді.

Оқушыларды аттестаттау оқу жоспарының барлық күндері бойынша тәрт және одан астам апталық жүктемесі болса, ай сайын өткізіледі. Оқу семестрде қорытынды бағалау ағымдағы аттестаттау нәтижесі мен емтиханлық сессия нәтижелері негізінде шығарылады. Семестрге 3 немесе одан да көп пәндерден аттестаттау нәтижесі бойынша қапагаттанарлықсыз баға алған білім алушы студенттерден шығарылады.

Оқу жоспары мен бағдарламасының барлық талаптарын орындаған, мемлекеттік емтихандарды жақсы тапсырған (дипломдық жобаны қорғаған) студенттерге мемлекеттік емтихан (біліктілік) комиссиясының шешімімен алған мамандығына сәйкес біліктілік және белгіленген үні ідегі диплом беріледі.

Мамандықты игеру бойынша білімді меңгеруде ерекше жетістіктері бар студенттерге «үздік» диплом беріледі.

21. Кәсіпорын мен студенттер арасындағы қарым-қатынас Жарғы және ішкі тәртіп Ережесімен айқындалады.

Кәсіпорын құқылы:

1) Кәсіпорынның бекітілген ішкі тәртіп Ережелеріне сәйкес білім алушылардан өз міндеттерін адал және тиісті дәрежеде орындалуын, оқу тәртібінің сақталуын, сонымен қатар білім беру ұйымының оқытушыларына, маман-кәсіпкерлеріне және білім алушыларына құрметпен қарауын талап етуге;

2) білім алушыларға Жарғы талаптарын, оқу тәртібін, ішкі тәртіп Ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік шара қолдануға;

3) білім алушыдан білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарауды, компьютерлік техника және басқа да құрылыстармен жұмыс істеу ережесін сақтауды талап ету. Білім алушының әрекетімен материалдық нұқсан келтірілген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен белгіленген тәртіпте оны қалпына келтіру үшін шығынның орнын толтыруды талап етуге;

4) білім алушыларды оқу, ғылыми және шығармашылық табыстары үшін марапаттау және мадақтауды іске асыруға.

Білім алушылар құқылы:

1) мемлекеттік жанына білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;



2) педагогикалық кеңестің шешімі бойынша жеке оқу жоспарлары, басқарылған білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары шеңберінде оқытуға;

3) оқу жоспарына сәйкес балама курстарды таңдауға;

4) бейімділігі мен қажеттіліктеріне сәйкес ақылы негізде қосымша білім беру қызметтерін алуға;

5) студенттік өзін-өзі басқару органдарына қатысуға;

6) Кәсіпорын басшысының бұйрығымен бір оқу орнынан екіншісіне, бір мамандықтан немесе білім беру бағдарламасынан екіншісіне ақылы негізде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша немесе білім берудің бір түрінен екіншісіне ауысуға;

7) білім беру ұйымдарында ақпараттық ресурстарды, оның ішінде мүгедектер мен ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді нысанды тегін пайдалануға, оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендермен және оқу-әдістемелік құралдармен, оның ішінде мүгедектер, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін дайындалған оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілуге;

8) спорттық, оқу, салтанат залдарын, компьютерлік сыныптар мен кітапхананы тегін пайдалануға;

9) ақылы негізде оқыған жағдайда оқу ақысын кезең-кезеңмен төлеуге, ал төлем сомасы, субъектілік шығындардың ұлғаюы жағдайында, тараптардың келісімімен жылына бір реттен артық емес өзгеруі мүмкін;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еңбек жағдайлары туралы ақпарат алуға;

11) өз пікірі мен сепімдерін еркін білдіруге;

12) өздерінің адамдық қадір-қасиетін құрметтеуге;

13) оқуданғы жетістіктеріне, ғылыми және шығармашылық қызметке деген қызығушылықтарын арттыру мен марапатталуға.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша күндізгі бөлімде оқитын студенттер аралық:

1) оқудан бос уақытта оқу мен жұмысты біріктіруге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери қызмет мерзімін өткізуге.

Білім алушы міндетті:

1) білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары көлемінде білім, іскерлік пен практикалық дағдыларды меңгеруге, ішкі тәртіп Ережелері мен Жарғысын сақтауға, Кәсіпорын басшысының бұйрықтары мен өкімдерін орындауға;

2) сабақты себепті босатқан жағдайда, Кәсіпорынға хабарлауға;

3) Кәсіпорынның мүлкіне ұқыпты қарау және оны тиімді пайдалану, оқу және жатақханада тұру үшін қолайлы жағдайлар жасауға қатысуға;

4) әскери есепке тұру тәртібін сақтауға;

5) әскерлік киім үлгісін сақтауға;

22. Колледжі педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету тиісті жоғары кәсіптік білімі бар және техникалық және кәсіптік білімі бар орта буын мамандарының арасынан конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Педагогикалық қызметтің нәтижелерін объективті бағалау және дұрыс тарифтеу мақсатында, оқытушыларды аттестаттау кезең-кезеңмен жүргізіледі.

23. Колледж оқытушылары құқылы:

1) кәсіби қызмет жағдайларымен қамтамасыз етілуге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт сақталған жағдайда, педагогикалық қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;

3) оқу орынын басқару органдарының жұмысына қатысуға;

4) зертханаларды, кабинеттерді, аудиторияларды, оқу залын, кітапхананы және колледждің басқа оқу және оқу-қосымша құрылымдарын, сондай-ақ спорт және қатысу залдарын пайдалануға;

5) колледждің құрылымдық бөлімшелерінің жұмысына қатысуға және оқу орының әкімшілігіне ұсыныстар енгізуге;

6) бақылау органдары мен колледж әкімшілігі жүргізетін аттестация және басқа да тексерулер кезінде өз жұмысын тексеру қорытындысын шығаруға жеке қатысуға;

7) саясатын арттыру, қызметтік өсу мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;

8) басқа оқу орындарының оқытушыларымен тәжірибесімен алмасуға;

9) өзінің кәсіби ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға;

10) колледждің және оның қызметкерлерінің білім беру және экономикалық қызметінің көзі болып табылатын материалдық активтер (ғылыми, әдістемелік объектер және т. б.) түріндегі зияткерлік меншікті қорғауға;

11) педагогикалық қызметтегі табыстары үшін материалдық және моральдық көтермелеу, ордендермен және медальдармен, құрметті атақтармен, белгілермен және грамоталармен марапатталуға.

24. Колледж оқытушылары міндетті:

1) білім алушылардың жалпыға міндетті білім беру стандарттарында белгіленген деңгейден төмен емес білім, білік және дағдыны меңгеруін қамтамасыз етуге;

2) оқу процесінің кестесін сақтау, қатаң есептегі құжаттарды уақытында және талаптарға сәйкес жүргізуге;



3) студенттердің дербес және шығармашылық қабілеттерін дамыту және шығаруға;

4) өзінің кәсіби деңгейін және іскерлік біліктілігін үнемі арттыруға;

5) студенттердің жеке қадір-қасиетін құрметтеу, Қазақстан халықтарының ұлттық дәстүрлері рухында олардың мәдени және дене бітіміні дамуына қажеттілік көрсетуге;

6) педагогикалық этика нормаларын сақтауға;

7) білім алушылардың үлгерімін есепке алуды жүргізу, олардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру және бақылау, сыныптан тыс тәрбие жұмысын жүргізуге;

8) салауатты өмір салтын ұстану және оны оқушылар арасында насихаттауға.

25. Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына сәйкес жемістілік-шаруашылық персоналдың еңбек қызметі жүзеге асырылады. Колледждің аталған қызметкерлерін қабылдау және жұмыстан шығару директордың бұйрығымен жүргізіледі.

26. Білім алушылардың оқыту және тәрбиелеу саясатын жетілдіру, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін арттыру мақсатында, колледжде басқарудың алқалық органдары құрылады: педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер.

27. Колледж директоры педагогикалық кеңестің төрағасы болып табылады.

28. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген қызметінің мәлі мен міндеттеріне жауап бермейтін қызмет пен мәміле жасауға құқылы емес.

29. Басшының Кәсіпорынның жарғылық емес қызметті жүзеге асыруына бағытталған әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

#### 4. Кәсіпорынды басқару

30. Ақмола облысының әкімдігі:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамасымен жүзеге асырылатын өңге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

31. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (көрсетілетін қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарын және оны орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуы бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін сепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорынның еңбекті төлеу қорының көлемін жыл сайын орнатады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құтыретіне қатысты басқа да мәселелерді шешеді.

32. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіптен жүзеге асырылады.

33. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек шарттарының Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы ресімдейді.

34. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қиғдасы пегізінде әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен анықталытып өз күзіретіне сәйкес дербес шешеді.

35. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүдделерін білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, шетермелеу шараларын қолданады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен басқаша қаралмаса, оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына үміткерлер ұсынады;



9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің күзінетін белгілейді;

10) дербес жауапкершілікте болады:

қаржылық-шаруашылық қызметі мен Кәсіпорын мүлкінің сақталуына;

таза табыстың белгіленген бөлігі бюджетке уақытылы аударылмағанда;

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастырғанда;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

36. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға беріледі.

## 5. Кәсіпорынның мүлкі

37. Кәсіпорынның мүлкі активтер құрайды, олардың құны оның балансында көрсетіледі.

38. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және салымдар бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлінбейді.

39. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүлктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлктің (акшалай табысты жаса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

40. Кәсіпорынның жүргізуінде оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті немесе осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

41. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе илалың заңдық құқығын табиғатына қайтып келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заңдық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

42. Жедел басқарудағы мүлкті пайдаланудың табыстары, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын парттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

43. Мүлікті жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорында бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз балапсына бекіткен сәтінде туындайды.

44. Кәсіпорынның шарттары негізінде негізгі құралдарына жататын мүлік иеліктен айыруға, сатып алу-сағуға, айырбастауға, сыйға тартуға құқылы емес.

45. Кәсіпорынның мүлігіне жедел басқару құқығы иелік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249-бабымен көзделген негіздер мен тәртіпте, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 баптарымен қарастырылған жағдайларда тоқтатылады.

46. Осы Жарғының 38-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзін бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

47. Кәсіпорын жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

## 6. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

48. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен және жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

49. Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салты бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін ол жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

50. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді және басқа да материалдарды дербес жүзге асырады.

51. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда белгіленген қызметті көрсетуден Кәсіпорын алған табыс, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған, өткізілетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) белгіленген бағаларды көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен бюджетке алын қоюға жатады. Мүлік бухгалтерлік есеп ережелері бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қолға жатады.



## **7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

52. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін мемлекет иесінен басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

## **8. Кәсіпорынның есепі мен есептілігі**

53. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігі жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілі туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саласының уәкілет органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарын сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

54. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік балансты табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, е капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбағы қамтиды.

## **9. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

55. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша әкімшілік аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауапкершілікте болады.

56. Кәсіпорын мемлекет міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақш жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауапкершілікте болады.

## **10. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбекақы төлеуі**

57. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі «Азаматты қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдарды қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен орнатылады.

## **11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас**

58. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

59. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## 12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

60. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

61. Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

62. Таратылған Кәсіпорынның несиелерді берушілердің талаптарын қанағаттандырмағаннан кейін қалған ақшасы Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

## 13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

63. Коммуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.

Басшы

*Медведева Марина Александровна*

Т.А.Ө.

қолы

